

Кітапханадағы конференция

Н. Островский атындағы облыстық кітапхананың оқу залында кітапхананың оқырмандары конференциясы болып өтті. Конференцияны оқу залының меңгерушісі Э. Н. Попугаева кіріспе сөзбен ашып, кітапхана директоры Л. М. Грезина білім ордасының кітапқұмарлармен жүргізіп жатқан жұмыстары жайлы баяндап берді.

Павлодарда бұл кітапхана 1892 жылы салынып, ақсүйектер үшін ғана жұмыс істеген. Патша үкіметі тұсында онда 650 томдық кітап қоры болып, бірталай мерзімді баспасөздерді жаздырып алып тұрған. Совет үкіметі тұсында ғана кітапхана жұмысы өркен жайып, осыл қазынаға қалың бұқараның қолы жетті.

Қазір кітапхананың айнаулы 55 орындық оқу залы ұйымдастырылды. Оқу залы мен кітапханада жұмыс орталықтанған жүйемен атқарылады. Оқырмандар абонемент, каталогтармен пайдаланады. Кітапхана мен оқу залының қызметкерлері оқырмандар конференцияларын, диспуттар, кездесулер өткізіп, әрбір елеулі даталарға стендтер, фотомонтаждар жасайды.

Бұл жолғы конференция да өте мазмұнды өтті. Баяндамадан соң оқырмандар Сакарсян, Теплов, Жанахметова кітапхана жұмысы және әдебиет қоры жайлы өз пікірлерін айтты.

К. ШӘКЕНОВА,

штаттан тыс тілші.

Павлодар қаласы.